

**«6D072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Диканбаева Айжан Косыбаевнаның  
«Хризотил-аебест өндірісінің қалдықтарын қайта өндеу негізінде магний сульфатын алу  
технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламага сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның нмессе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының 2016-2020 жж: Б-16-02-03-ғылыми-зерттеу жұмыстардың тақырыбының, 1-бөлім «Табиғи шикізаттар мен әртүрлі өндіріс қалдықтарынан минералды тыңайтқыштармен тұздар аудын инновациялық технологияларын жасау» бағытына сәйкес орындалды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы	Хризотил-аебест өндірісінің шантәрізді қалдығынан магний сульфатын алу технологиясын әзірлеу нәтижелері жаңа болғандықтан жұмыс қолданбалы ғылымға елеулі үлес қосады.

		<u>ашылган/ашылмаган.</u>	Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы оте жаксы ашылған және хризотил-асбест өндірісінде пайда болатын шантәрізді калдықтарын шаң жинау жүйесінде кайта өндіу кажеттілігімен байланысты, олар осы уақытка дейін кайта өндемейді және арнайы полигонда көмілгендіктен коршаған ортага зиянды зсерін тигізіп отыр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	A. K. Диканбаевының диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарды орындау жонінде таланттарға сәйкес өз бетінше орындалған докторанттың авторлық жұмысы болып табылады, оны ізденушінің авторлық бірлестікте жарияланған макалалар мен баяндамалардағы материалдардың жеткілікті дәрежеде толық баяндалуынан, диссертациялық жұмысты халыкаралық конференцияларда сынектан өткізілгенін көруге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Диссертацияның өзектілігі жұмыстың негізділіті мен өз уақыттылығының жоғары дәрежесіне ие. Қазақстан Республикасында хризотил - асбест кендерінің ең ірі корлары бар және оларды байту процесінде техногендік калдықтардың көп мөлшері түзіледі. Жұмыстың өзектілігінің негізdemесі хризотил-асбест өндірісінің шаң тәрізді калдықтарын қедеге жарату, оларды кайта өндіу және колдану мәселеін шешу жолдарын ұсынумен айқындалады. "Костанай минералдары" АҚ хризотил-асбест кенінің өндірістік қуаты жылына 250 мың тонна. Бұл ретте пайдаланылмаган және экологиялық қауіпті шаң тәрізді калдықтардың жылына 3000 тоннасы арнайы орындарға шыгарылады. Оларды қедеге жарату технологиялық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан өзекті мәселе катарына жатады. Осы тұрғыда, докторанттың таңдаган тақырыбы, жүргізген зерттеу жұмыстары мен алынған нәтижелерінің маңыздылығы жоғары деуге болады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды;</u> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толық айқындауды.

		<p>4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	Диссертациялық жұмыстың максаты хризотил-асбест өндірісін байту кезінде жүйеде түзілетін шантәріздес калдықтан нормативті күжаттарға сәйкес магний сульфатын алу технологиясын жасау болып табылады. Қойылған максатка сәйкес жұмыстың міндеттері тұжырымдалып, олардың шешімі максатқа кол жеткізуіді камтамасыз етеді.
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен курылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol>	Диссертацияда барлық бөлімдер мен олардың тұжырымдамалары өзара байланысты және логикалық реттілікпен сәйкестендірілген. Олар жұмыс максатына жетуге бағытталған қажетті зерттеулерден тұрады.
		<p>4.5 Автор үсінганды жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып барланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	Диссертациялық жұмыстың әдеби шолуында техногендік қалдықтар мен минералды шикізатты қайта өндеумен қажетті магний өнімдерін алушың белгілі әдістері қарастырылған. Бұрын белгілі болған шешімдерді кешенді талдау негізінде автор диссертациялық зерттеудін мазмұнын көрсететін өз шешімдерін үсінди.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кагидаттар жана болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <u>басым бөлігі (25-75%) жаңа болып табылады</u>;</li> <li>3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамалары басым болігі жаңа болып табылады, мәліметтер хризотил-асбест өндірісінде шанды ұстасу жүйесінде түзілетін шантәрізді қалдықтарды өндеуге айтарлықтай үлес косады.</p> <p>Диссертацияның жаңа ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларына мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- техногендік қалдықтың күкірт қышқылы ерітінділерінде еру кинетикасы анықталды; Активтендіру энергиясы анықталды, ол үрдістің ең жай сатысы</li> </ul>

			<p>диффузиялық үрдіспен байланысты екендігін көрсетті, анықталған жайттер күкірт қышқылдық шаймалаудың онтайлы жағдайларын тандауга мүмкіндік берді.</p> <p>- қалдықтардагы магний серпентинит құрылымындағы жenіл еритіндері - (<math>MgO</math> және <math>Mg(OH)_2</math>) және қын еритіндері (<math>Mg(OH)_2Si_2O_5</math>) пішіндегі бөліктерінде болатыны көрсетілді, оның онай еритін түрі серпентиниттің беткі қабаты болып табылады, бұл күкірт қышқылдындағы техногендік қалдықтардың еру механизмін анықтауга және шаймалау реагентінің стехиометриялық шығыннан аз болуын негіздеуге мүмкіндік берді.</p>
		5.2 Диссертацияның корытындылары жана болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) басым бөлігі (25-75%) жаңа болып табылады; 3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда келтірілген хризотил өндірісінің техногендік қалдықтарының күкірт қышқылдының ерітіндісінде еру кинетикасы мен механизмі, магний сульфатын алу технологиясының онтайлы критерийлерін анықтау және осыларды анықтауда физика-химиялық зерттеулерді колданумен алынған нәтижелер бұрын-соңды ешкіммен (ізденуші мен оның авторларынан басқа) жарияланбаган жаңа мәліметтер болып табылады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген ба? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) басым бөлігі (25-75%) жаңа болып табылады; 3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық шешімдер жаңа және негізделген. Диссертация авторы жүргізген зерттеулердің негізінде хризотил-асбест өндірісінде түзілетін шаш тәрізді қалдықтардан магний сульфатын алудың жаңа технологиясы жасалды.	
6	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелермен негізделген/ негізделмеген	Жұмыс сонында келтірілген корытындылар теориялық және эксперименттік зерттеу жұмыстарының, сонымен қатар, талдаудың физика-химиялық талдау әдістерін пайдалану нәтижелерінің негіздерінде жасалған. Алынған нәтижелер химиялық технология мен теориясы салаларының негізгі теориялық және қолданбалық кагидалары мен принциптеріне қайшы келмейді.

7.	Корғауға үсіншілгап негізгі кагидаттар	<p>Ірі қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) дәлелденбеді</li> </ol>	<p>Корғауға шыгарылған барлық негізгі ережелер - теориялық және эксперименттік түрде дәлелденген, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шаң тәрізді серпентинит қалдықтарының физика-химиялық қасиеттері және оның күкірт қышқылы ерітінділерімен өзара әрекеттесу заңдарындағы;</li> <li>- техногендік қалдықтарды алдын ала термиялық өндеу температурасының оны күкірт қышқылды ерітінділерде еріту процесіне әсері;</li> <li>- техногендік серпентинит қалдықтарынан магний сульфатын алуудың үсіншілгап технологиясының физика-химиялық негіздері мен ерекшеліктері;</li> <li>- колданыстагы нормативтік құжаттардың сапа талаптарына сәйкес келетін магний сульфаты мен жол-курылые материалын алуға мүмкіндік беретін техногендік қалдықтарды кешенді өндеу технологиясы;</li> <li>- хризотил-асбест қалдықтары негізінде магний сульфатын алу технологиясының техникалық-экономикалық негіздемесі.</li> </ul> <p>Алайда, келесі ескертулер бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- онтайлы параметрлерде шаң тәрізді қалдықтарды шаймалаганнан кейін ерітінділерде негізгі коспа болып саналатын темірдің (<math>Fe^{2+}</math> немесе <math>Fe^{3+}</math>) қандай формада болатыны және оның бейтараптандыру сатысындағы әрекеті туғандағы.</li> <li>- хризотил-асбест өндірісінің шаң тәрізді қалдықтарын өндеудің үсіншілгап принципиалды технологиялық схемасында бейтарап орта күру үшін <math>625^{\circ}C</math> температурада термиялық өнделген шантәрізді қалдықтарды енгізу және сұзу кезінде алынған тұнбаны қайтадан бейтараптандыру операциясына қайтару үсіншілгап. Алайда, шоғінділерді бейтараптандыру процесінің басына сұзгенен кейін алынған шоғінділерді қайтару үшін оны алдын-ала термиялық өндеу немесе шоғінділерді үйіндіге шыгаруды қамтамасыз ету қажет.</li> <li>- техногендік шаң тәрізді қалдықтардан магний сульфатын алу технологиясының техникалық-экономикалық негіздемесінде есептеулерде магнийді алу тез еритін түрден (яғни 50%) жүзеге асырылатыны ескерілмеген, тиісінше, 1т <math>MgSO_4 \cdot 7H_2O</math> өндірісіне шаң тәрізді қалдықтар мен күкірт қышқылын тұтыну нормалары іс жүзінде 2 есе томендетілген.</li> </ul>

		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок</u> 3)</p>	Диссертациялық жұмыста тривиальды тәсіл жок. Зерттеулер жүргізу кезінде алынған барлық анықталған заңдылықтар мен тәуелділіктер шантэрізді қалдыктарға катасты химиялық технология саласындағы заманауи білім мен мәліметтер түрғысынан қарастырылды.
		<p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p>	Коргауға шығарылатын зерттеулердің барлық нәтижелері Scopus базасына кіретін ғылыми журналдардағы жарияланымдармен және КР БФМ БГСБК ұсынған ғылыми басылымдармен расталған жаңа деректер болып табылады.
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) <u>орташа;</u> 3) кен</p>	Қолдану деңгейі орташа деп бағаланады. Әзірленген технология Қазақстан мен Ресейдің хризотил-асбест қалдықтарының шан тәрізді қалдықтарын қайта ондеуде пайдалы болуы мүмкін.
		<p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p>	Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: "Scopus" дереккорына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдарда 2 макала, КР КР БФМ БГСБК ұсынған журналдарда 2 макала, халықаралық және республикалық конференциялар жинактарында 4 жарияланым, онертабыска 1 КР патенті алынды. Жарияланымдар коргауға ұсынылған тұжырымдарды қөрсетеді.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер үсынған акпараттың дәйектілігі мен	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p>	Зерттеу әдістемесін таңдау бастапқы шаң қалдықтарының ерекшеліктерін ескере отырып жүргізді. Жұмыста күкірт қышқылының ерітінділерімен шан қалдықтарын шаймалау процестері туралы зерттеу әдістемелерінің сипаттамасы берілген, диссертациялық жұмысты орындау кезінде бастапқы өнімдерді, ерітінділерді, шаймалау қалдықтарын зерттеудің физика-химиялық әдістері қолданылған. Бұл әдіснамалар диссертацияга зерттелетін процестер туралы сенімді мәліметтер алуға, содан кейін жұмыс туралы объективті корытынды жасауга мүмкіндік берді.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау</p>	Жұмысты орындау кезінде бастапқы және соңғы өнімдерді зерттеу мен талдаудың казіргі заманғы физика-химиялық әдістері қолданылды: ИК-Фурье-спектроскопия (Shimadzu JR Prestige-21); рентгендік фазалық талдау (ДРОН-3 және D8ENDEAVOR "Bruker"); дифференциалды талдау (Q-DERIVATOGRAPH), энергия дисперсиясын талдаумен растрлық электронды микроскопия. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін өндеу кезінде математикалық модельдеу және статистикалық деректерді өндеу әдістері қолданылды.

		<p>әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	
		<p>8.3      Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған озара байланыстар және зандылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау багыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>Таңдалған әдістер дұрыс бағытта қолданылды. Теориялық тұжырымдармен анықталған зандылыктар эксперименттік зерттеулермен байланысты дәлелденді және расталды. Алынған нәтижелер ғылыми макалалар түрінде жарияланды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды тұжырымдар тиісті және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Алынған нәтижелер ғылыми метрикалық жүйелерде индекстелетін халықаралық ғылыми базалықтарда жарияланған белгілі мәліметтермен салыстырмалы талданған. Сілтемелер отандық және шетелдік, жогары индексті рейтингті Web of Science және Scopus базаларындағы әдебиеттерге сілтемелер жасалған.</p>
9.	Практикалық күндылық принципі	<p>8.5      Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияның әдеби көздерінің тізімінде 171 атау бар, оның ішінде 141-і әдеби шолу ушін, олар диссертация тақырыбы бойынша аналитикалық әдеби шолу жасауға жеткілікті.</p>
		<p>9.1      Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p>	<p>Диссертацияның максаты-шаң жинау жүйесінде пайда болған хризотил байытудың техногендік қалдықтарынан магний сульфатын алу технологиясын жасау.</p>

		<p>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жок.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен</u> жаңа;</p> <p>2) басым бөлігі (25-75%) жаңа болып табылады;</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста келтірілген теориялық зерттеулер зерттелетін үрдіс туралы қосымша білім алу және негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін орындалды.</p> <p>Диссертацияда келтірілген колданбалы нәтижелердің практикалық мақсаты бар, ойткені Казақстан мен ТМД-да тұтынысқа ие онімдерді ала отырып, хризотил-асбест өндірісіндегі шаң ұстау жүйесінде түзілетін техногендік шантәрізді қалдықтарды кайта өндеу технологиялары жок.</p>
10.		<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа</p> <p>3) орташадан төмен</p> <p>4) төмен</p>	<p>Диссертациялық жұмыс оте жаксы ғылыми-техникалық стильде жазылған.</p>

"Хризотил-асбест өндірісінің қалдықтарын қайта өндеу негізінде магний сульфатын алу технологиясын әзірлеу" тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс мазмұны мен ресімделуі бойынша диссертациялық жұмыстарға койылатын барлық талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Айжан Қосыбайқызы Диканбаева 6D072000 - "Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық".

«ҚР минералдық шикізатты кешенді қайта  
өндеу Үлттүк орталығы» сирек металдар зертханасы  
мемлекеттік кәсіорнының бас ғылыми қызметкер,  
техника ғылымдарының кандидаты



Шаяхметова Р.А.

Т.Ф.К., Шаяхметованың қолын раставмын